

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

**МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ БАСШЫЛАРЫНА  
АРНАЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРДЕН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ  
БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА ТҮСКЕН КЕЗДЕГІ  
ІС-ҚИМЫЛДАР АЛГОРИТМІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚОРҒАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ  
ЕТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**АСТАНА 2026 ЖЫЛ**

**DOC ID** KZ0001020260174085632F394C



## МАЗМҰНЫ

<b>1-БӨЛІМ. Жалпы ережелер</b>	<b>3-4 бет</b>
<b>2-БӨЛІМ. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлама түскен кездегі басшының іс-қимыл алгоритмі</b>	<b>4-5 бет</b>
<b>3-БӨЛІМ. Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған адамдарды қорғау механизмдері</b>	<b>5-6 бет</b>
<b>1-қосымша</b>	<b>7 бет</b>
<b>2-қосымша</b>	<b>8 бет</b>
<b>3-қосымша</b>	<b>9-10 бет</b>



# Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшыларына арналған қызметкерден сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлама түскен кездегі іс-қимылдар алгоритмі және оны қорғауды қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсынымдар

## 1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Ұсынымдар) мемлекеттік органдар мен ұйымдар басшыларының қызметкерден сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлама түскен кездегі іс-қимылдарының бірыңғай тәртібін белгілейді, сондай-ақ хабарлаған адамды (бұдан әрі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдемдесуші (жәрдемдесетін) тұлға) қудалаудан, кемсітуден және құқыққа қайшы іс-қимылдардан қорғауды қамтамасыз ету механизмдерін айқындайды.

2. Ұсынымдардың құқықтық негізін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» (бұдан әрі – Заң), «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңдар, Еңбек кодексі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері құрайды.

3. Ұсынымдар мемлекеттік органдар мен ұйымдар басшылары үшін іс-қимылдардың ұсынылатын алгоритмі болып табылады және келесі құқық бұзушылықтар туралы хабарламаларға қатысты қолданылады:

1) сыбайлас жемқорлық қылмыстар (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 3-бабының 29-тармақшасында көрсетілген қылмыстар);

2) Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар (Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 34-тарауында көзделген құқық бұзушылықтар).

4. Қызметкер өзі жұмыс жасайтын мемлекеттік органның немесе ұйымның жоғары тұрған басшысын және (немесе) басшылығын (бұдан әрі – Басшы), және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға (сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесуді, ашуды, тергеуді және алдын алу ісін жүзеге асыратын органға) дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған сыбайлас жемқорлық қылмысы немесе әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы (бұдан әрі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық) туралы н хабарлар етеді.

5. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлама келесі байланыс арналар арқылы түсуі мүмкін:

1) Басшыға тікелей хабарлау – қызметкерді жеке қабылдау кезіндегі тікелей байланыс барысында түскен ауызша немесе жазбаша өтініш;

2) қызметкердің әдеп жөніндегі маман, комплаенс-офицер немесе өтініштерді қабылдауға уәкілетті тұлға арқылы жүгінуі;

3) электрондық арна немесе бейнеконференция байланысы түрінде – деректерді соңына дейін шифрлауды қамтамасыз ететін қорғалған немесе қорғалмаған электрондық пошта жүйесі немесе мобильді қосымша;



4) телефон арнасы (сенім телефоны немесе жедел желі) – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдемдесетін тұлғаны хабарламаларды қабылдауға уәкілетті тұлғамен байланыстыратын, қоңырауды жазу функциясы бар тікелей нөмір;

5) анонимді веб-портал – жеке браузерді және анонимді есептік жазбаларды пайдалана отырып (IP-мекенжай бойынша сәйкестендіруді талап етпейтін) хабарлама жіберуге мүмкіндік беретін жүйе;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де байланыс арналары.

## **2-бөлім. Сыбайлас жемқорлық қылмыс және құқық бұзушылық туралы хабарлама түскен кездегі Басшының іс-қимыл алгоритмі**

6. Басшы қызметкердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы түскен хабарламасы бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шаралар қабылдауға міндетті.

Хабарламаны қабылдамауға жол берілмейді.

7. Қызметкердің сыбайлас жемқорлық қылмысы немесе құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлау мақсатында Басшыға жүгінуі туралы ақпарат құпия ақпарат болып табылады, оны таратуға жол берілмейді.

Басшы қызметкердің ниеті болған жағдайда онымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдемдесу туралы ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасасуға міндетті.

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 11 мамырдағы № 153 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсету туралы ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасасу қағидаларының 4-тармағына сәйкес Басшы өтініш берген сәттен бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірмей осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген адаммен осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша жария етпеу туралы келісім жасасады.

8. Басшы өзінің атына сыбайлас жемқорлық қылмысы немесе құқық бұзушылығы туралы хабарлама түскен фактісі туралы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне (бұдан әрі – ҰҚК СЖҚК) 1424 колл-орталығы арқылы дереу хабардар етуге міндетті.

9. Басшы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық немесе қылмыс туралы хабарлау фактісінің жазбаша растауын үш жұмыс күнінен кешіктірмей ҰҚК СЖҚК-ға беруге міндетті.

10. Басшыға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық немесе қылмыс туралы хабарлау фактісінің жазбаша растауы мыналар болып табылады:

1) осы Ұсынымдардың 5-тармағының 1) және 2) тармақшаларымен белгіленген қызметкердің жазбаша өтініші;

2) Ұсынымдардың 5-тармағының 3) және 6) тармақшаларында көзделген, осы Ұсынымдарға 1-қосымшаға сәйкес байланыс арналары арқылы келіп түскен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпарат.



11. Қызметкердің Басшыға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлау фактісінің жазбаша растауында мыналар болуы тиіс:

1) хабарламаның түскен күні мен уақыты, хабарламаны қабылдаған тұлғаның АЖТ (аты-жөні, тегі);

2) хабарлама жеткізілген тәсіл (дереккөзді сәйкестендіру мүмкіндігі болған жағдайда);

3) құқық бұзушылықтың қысқаша сипаттамасы (фактілер, тұлғалар, нысан);

4) тұлғаға қатысты түскен хабарлама бойынша оның лауазымы мен бөлімшесінің атауы;

5) егер оның жеке басы белгілі болса, осы Ұсынымдардың 2-қосымшасына сәйкес оның жазбаша келісімі болған жағдайда ақпаратты хабарлаған қызметкер туралы мәліметтер;

6) Басшының қолы мен күні.

Бұл ақпарат шектеулі қолжетімділікпен қорғалған түрде сақталуға тиіс және өзге тұлғалар үшін қолжетімді болмауы керек.

12. Басшы хабарлама анонимді түрде түскен жағдайларды қоспағанда, осы Ұсынымдарға 3-қосымшаға сәйкес қызметкерге оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге міндетті.

### **3-бөлім. Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған адамдарды қорғау механизмдері**

13. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы хабарламаны қызметкердің зиянына пайдалануға жол берілмейді.

14. Сыбайлас жемқорлық қылмысы немесе құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған қызметкер туралы мәліметтердің құпиялылығы қорғау жүйесінің негізін құрайды және оған толық кепілдік беріледі. Қызметкердің жеке басы және оны сәйкестендіруге әкелуі мүмкін кез келген ақпарат, осы ұсынымдарда және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ешкімге жария етілмеуі тиіс.

Құпиялылық қағидатынан ерекшелікке тек соттың шешімі болған кезде немесе қызметкердің жазбаша түрде алынған келісімі болған жағдайда ғана жол беріледі.

15. Басшы қызметкердің еңбек құқықтары мен заңды мүдделерінің кемсітушілікке ұшырауының алдын-алу үшін қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

16. Тараптарының бірі қызметкер болып табылатын жеке еңбек дауын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес құрылатын келісім комиссиясымен, мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган өкілін міндетті түрде шақырумен қаралады.

17. Мемлекеттік органдарда (арнайы мемлекеттік органдарды қоспағанда), сондай-ақ келісім комиссиялары жоқ ұйымдарда қызметкер аталған тұлғаның тәртіптік теріс қылық жасауы мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті



түрде анықтау, сондай-ақ қызметкерді жұмыстан босатудың (атқаратын лауазымынан босатудың) немесе басқа лауазымға ауыстырудың негізділігін анықтау үшін құрылатын тәртіптік комиссияның немесе мемлекеттік органның немесе ұйымның өзге де алқалы органының ұсыныстарысыз тәртіптік жауапкершілікке тартылмайды немесе жұмыстан босатылмайды (атқаратын лауазымынан босатылмайды), немесе басқа лауазымға ауыстырылмайды.

Аталған алқалы органның отырысына қатысуға мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның өкілі міндетті түрде шақырылады.

18. Басшы келісім комиссиясының немесе алқалы органның отырысы өтетін күнге дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға осы Ұсынымдардың 16 және 17-тармақтарында көрсетілген мәселелер бойынша материалдарды жібереді.

Аталған отырысқа мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның өкілі қатыса алады.

19. Келісім комиссиясының шешіміне немесе алқалы орган отырысының хаттамасына отырысқа қатысқан оның мүшелері қол қояды.

Келісім комиссиясы шешімінің немесе алқалы орган отырысы хаттамасының көшірмесі шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға жіберіледі.

20. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органнан Заңның 24-4-бабының 2-тармағында көзделген хабарлама түскен Басшы, егер бұған дейін аталған тұлғамен ҰҚК СЖҚҚ арасында мұндай келісім жасалған болса, қызметкермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдемдесу туралы ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасауға міндетті.

Заңның 24-4-бабының 2-тармағында көзделген тәртіппен хабарлама түскен кезде Басшы келісім комиссиясының немесе алқалы органның отырысын өткізуге және қаралатын мәселе бойынша қызметкердің мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға жүгінген күнінен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде шешім қабылдауға міндетті.



\_\_\_\_\_

хабарламаның түскен күні мен уақыты

\_\_\_\_\_

хабарламаны қабылдаған тұлғаның АЖТ (аты-жөні, тегі)

\_\_\_\_\_

хабарлама жеткізілген тәсіл (дереккөзді сәйкестендіру мүмкіндігі болған жағдайда);

**Сыбайлас жемқорлық қылмысы немесе әкімшілік сыбайлас құқық бұзушылық туралы ақпарат**

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(құқық бұзушылықтың қысқаша сипаттамасы (фактілер, тұлғалар, нысан)

\_\_\_\_\_

(өзіне қатысты хабарлама түскен тұлғаның лауазымы мен бөлімшесі)

\_\_\_\_\_

(ақпаратты хабарлаған қызметкер туралы мәліметтер)

\_\_\_\_\_

(Басшының қолы және толтырылған күні)



**Сыбайлас жемқорлық қылмысы немесе әкімшілік сыбайлас құқық бұзушылық туралы ақпаратты хабарлаған қызметкер туралы мәліметтер**

---

---

---

---

---

---

---

---

(АЖТ, лауазымы, құрылымдық бөлімшесі)

(Өзі туралы ақпаратқа қол жеткізуге келісемін, АЖТ, қолы)



## Қызметкердің құқықтары мен міндеттері

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін (көрсеткен) қызметкер:

1) уәкілетті мемлекеттік органдар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарламаны қабылдаған күннен бастап немесе адам сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жәрдем көрсеткен сәттен бастап үш жыл бойы еңбек қатынастары саласындағы құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуынан қорғалуға құқығы бар;

2) осы адамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсетуі туралы ақпаратты жария етпеу туралы келісімі болған кезде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсету мақсатында өзі қызметкері болып табылатын (болған) мемлекеттік органның немесе ұйымның басшысына және (немесе) басшылығына және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінгені туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге құқығы бар;

3) ниеті болған жағдайда, Басшымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсету туралы ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасасуға;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарламасын қарау қорытындысы бойынша қабылданған шешім туралы ақпарат алуға;

5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарламасын қарау нәтижелері бойынша қабылданған уәкілетті мемлекеттік органның шешімдеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына немесе Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес шағым жасауға;

6) Заңның 24-4-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында белгіленген құқықты іске асыру үшін құпия ақпаратты беруге жазбаша келісім алу мақсатында, бұрын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсету туралы ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасалған уәкілетті мемлекеттік органға жүгінуге;

7) уәкілетті мемлекеттік органдар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарламаны қабылдаған күннен бастап немесе адам сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жәрдем көрсеткен сәттен бастап үш жыл бойы, егер өзін тәртіптік жауаптылыққа тарту немесе жұмыстан босату, немесе басқа лауазымға ауыстыру сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарламасымен немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жәрдем көрсетуімен байланысты деп есептеген жағдайда, бұл мәселелер бұрын Заңның 24-2-бабында көзделген тәртіппен келісім комиссиясында немесе алқалы органда қаралмаған болуы шартымен, мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға жүгінуге;



8) қолданыстағы заңнамада көзделген өзге де құқықтарға құқығы бар.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін (көрсеткен) қызметкер:

- Басшыға жүгінуге қатысты ақпараттың және онда көрсетілген фактілердің өзге тұлғаларға жария етілмеуін қамтамасыз етуге;

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат хабарлауды болдырмауға;

- қолданыстағы заңнамада көзделген өзге де міндеттерді сақтауға міндетті.

Ескерту:

Осы қосымшаның ережелері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат хабарлаған қызметкерлерге қолданылмайды, олар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

DOC ID KZ0001020260174085632F394C



# Квитанция о подписании

## Основная информация

DOC ID	KZ0001020260174085632F394C
Тип документа	Входящее письмо
Тема	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлама түскен кездегі іс-қимылдар алгоритмі
Статус	Поступивший
Рег. Номер:	
Рег. Дата:	
Дополнительные данные	Исх. дата: 28.01.2026 Исх. номер: 3182
Количество страниц	25
Подписи	2

## Информация об отправителе

Отправитель	Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан
-------------	---

## Информация о получателях

Получатель 1	РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ "РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ИНСТИТУТ ПО ОХРАНЕ ТРУДА МИНИСТЕРСТВА ТРУДА И СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН", 040940000603, Казахстан
Получатель 2	ТОО "КАЗАХСТАНСКИЙ ЦЕНТР ОБМЕНА ЭЛЕКТРОННЫМИ ДОКУМЕНТАМИ", 161240011918, Казахстан

## Информация о подписантах

Подписал(а)	БЕРКАМАЛОВ СЕРИК
Компания	Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан
Тип ЭЦП	Удостоверяющий центр государственных органов Республики Казахстан
Подпись	MIISZgYJ...mQYUpfw==
Дата подписания	28.01.2026 03:59
Подписал(а)	АЛИЕВА ГУЛЬМИРА
Компания	Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан



Тип ЭЦП

Удостоверяющий центр государственных органов Республики  
Казахстан

Подпись

MlISmwYJ...NKuK6oe00

Дата подписания

28.01.2026 04:09

DOC ID KZ0001020260174085632F394C

